

# **ТАҚЫРЫП 6. Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық-функционалдык құрылымы**

## **Дәріс жоспары (1 сағат)**

1. Мемлекеттік орган мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымының жүйе құраушы элементі ретінде, оның сипаттамалары
  2. Мемлекеттік орган құрылымы
  3. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымы
- Әдебиеттер: нег: 1-21; қос 22-65**

# **Сұрақ 1. Мемлекеттік орган мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымының жүйе құраушы элементі ретінде, оның сипаттамалары**

**Мемлекеттік орган** — бұл мемлекеттік билік буындарының функцияларын жартылай іске асыру үшін қажетті мемлекеттік-биліктік өкілеттіліктерге ие мемлекеттік биліктің дербес құрылымдық бірлігі.

# Кесте 1 – Мемлекет механизмінің құрылымы

1	Мемлекеттік органдар	парламент, президент, үкімет, министрліктер, т.б.)
2	Мемлекеттік ұйымдар	Мемлекеттің қорғаныс іс-әрекетін жүзеге асыратын органдар (қарулы күштер, қауіпсіздік қызметтері, полиция, т.б.)
3	Мемлекеттік мекемелер	кітапханалар, ауруханалар, емханалар, пошта, ғылыми-зерттеу институттары, ЖОО, мектептер, театрлар және т.б.
4	Мемлекеттік кәсіпорындар	Биліктік өкілеттікке ие болмайтын, шаруашылық-экономикалық іс-әрекетті жүзеге асыратын, қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында өнім өндіретін не түрлі жұмыстар атқаратын бірліктер
5	Мемлекеттік қызметшілер	Басқарумен арнайы айналысатындар (шенеуніктер)
6	Ұйымдық, қаржылық құралдар, мәжбүрлеу күші	Мемлекеттік аппараттың іс-әрекетін қамтамасыз ету үшін қажетті бірліктер

## Кесте 2 – Мемлекет органының белгілері

1	Мемлекет тетігінің дербес элементі
2	Мемлекет атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет етеді
3	Нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде құрылып, әрекет етеді (конституция, заңдар, заң актілер); мемлекеттік органдарға «заңмен тыйым салынбағанның барлығы рұқсат етілген» қағидасы қолданылмайды
4	Өзіне ғана тән міндеттер мен функцияларды атқарады
5	Сәйкес құзыреттілікке ие болады
6	Нормативтік актілерді қабылдайды (жалпы сипаттағы нұсқама); құқық қолдану актілерін қабылдайды (жеке сипаттағы нұсқама); нақты-ұйымдық іс-әрекетті жүзеге асырады
7	Мемлекеттік қызметшілер мен бөлімшелерден құралады (бөлімдер, басқармалар, аппарат, кеңсе және т.б.)
8	Қажетті материалдық базаға (ғимарат, көлік және т.б.) және қаржы қаражаттарына ие болады (банктегі есеп-айырысу шоты, қажетті ақша ресурстары)
9	Белгілі құқықтық мәртебеге ие
10	Белгілі территорияда әрекет етеді

## Кесте 3 – Мемлекеттік органның түрлі сипаттамалары

1	функционалды	Мемлекеттің белгілі функцияларын атқаратын оның құрылымын ашады
2	социологиялық	Оны адамдардың ұжымы ретінде қарастырады – сәйкес салада жүктелген мемлекеттік міндеттерді атқаратын
3	құқықтық	Қажетті өкілеттіліктің немесе мемлекеттік өкілеттіктің белгілі құрылымының бөлінуін көрсететін
4	ұйымдық	Аталмыш құрылымның мемлекеттік аппаратқа, оның ішкі құрылымына (элементтердің ұйымдасуына) жатындығына назар аударатын

Мемлекеттік органды келесілерден *айрықшалау қажет*

- Мемлекеттік кәсіпорыннан  
(мемлекеттік меншік негізінде экономикалық іс-әрекетті жүзеге асырады);
- Мемлекеттік мекемеден  
(әлеуметтік және рухани қызметтерді ұсынатын);
- Мемлекеттік ұйымнан  
(қоғамдық өмірдік түрлі салаларында ұйымдық функцияларды атқаратын).

*Мемлекеттік  
органда  
басқарушылық  
шешімдер мен іс-  
қимылдар құрылып,  
жүзеге асырылады,  
қалғандарында —  
материалдық,  
әлеуметтік және  
рухани өнімдер мен  
қызметтер жүзеге  
асырылады*

## Сұрақ 2. Мемлекеттік орган құрылымы

- *Мемлекеттік органның құрылымы* – оның бөлімшелерінің, лауазымдардың жиынтығы, олардың арасында функциялар мен өкілеттікті бөлу сызбасы, аталмыш бөлімшелер мен лауазымдардың өзара қатынастарының жүйесі.
- Мемлекеттік органның құрылымы органның мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымындағы орнынан, оның өкілеттігінің көлемінен, ролінен **тәуелді болады.**

## Кесте 4 – Мемлекеттік орган құрылымына қойылатын кейбір талаптар

1	<b>мобильділік</b>	Ішкі бөлімшелердің сандық құрамы мен саны басқарушылықтың оптималды критерийлері бойынша орнатылады
2	<b>оперативтілік</b>	Сыртқы және ішкі байланыстардың күрделілігін, ақпаратты алу және сақтау жылдамдығын, шешімді қабылдау уақытылығын сипаттайды
3	<b>үнемділік</b>	Басқару аппаратын қамту құнын, басқарушылық іс-әрекетті жүзеге асыру шығындарын анықтайды




## Кесте 5 – Мемлекеттік орган құрылымын қалыптастыру мен бағалауға ықпал етуші факторлар

1	<b>Тапсырылған міндеттермен анықталатын факторлар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Орындау үшін мамандар тобына тапсырылған міндеттердің мәні;</li> <li>- Міндеттердің күрделілігі; - міндеттердің әртүрлілігі;</li> <li>- үйлестіру.</li> </ul>
2	<b>Жетекші тұлғасынан тәуелді факторлар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жетекшінің дербестік дәрежесі;</li> <li>- Көмекші персонал;</li> <li>- Басқарумен байланысты емес іс-әрекет;</li> <li>- Басқару әдісі; - жоспарлау</li> </ul>
3	<b>Персоналдан тәуелді факторлар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Еңбектің интеграциясы; - формальды емес топтардың іс-әрекеті;</li> <li>- Байланыс мәдениеті; - кадрлардың тұрақсыздығы</li> </ul>
4	<b>Техникалық сипаттағы факторлар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Басқарудың вертикалды диапазоны;</li> <li>- байланыс; - міндеттерді атқару дағдылары;</li> <li>- жабдықтау; - ұйымның құрылымы;</li> <li>- социологиялық элементтер;</li> <li>- Бірқалыпты жұмыс қарқыны;</li> <li>- бақылау; - инфляциялық жүйе;</li> <li>- Ақпаратты өңдеу техникасы</li> </ul>

## Мемлекеттік органды құру барысында:

- **Бірінші міндет** – басқарушы буынды нақты анықтау;
  - **Екінші міндет** – бөлімшелердің басқарушы буынға толығымен әрі сапалы көмек көрсетуі;
  - **Үшінші міндет** – мемлекеттік органда лауазымдар мен жұмыс орындарын бөлу.
- *Горизонталды құрылымда* бір жетекші басқаратын лауазымдар тобы құрылады (мысалы, 6 бағыныштыға 1 жетекші).
  - *Вертикалды құрылымда* бірнеше жетекшілерге бағынумен шағын лауазым топтары құрылады (7 лауазымнан сектор жетекшісімен 2 лауазымы бар 2 сектор құрылады, оларда – бөлімше жетекшісі болады)

# Организационная структура РГП «Госэкспертиза»



# Сұрақ 3. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымы


- **Мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымы** — бұл қоғамдағы мемлекеттік басқарудың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-функционалды ролімен байланысты айрықша мемлекеттік-құқықтық құбылыс.

## Мемлекеттік басқару құрылымдарының типтері:

- ◆ **Сызықтық** - вертикалды басқару құрылымы басым болады, онда қатаң иерархиялық құрылым қалыптасады.
- ◆ **Функционалды** — нақты басқару функцияларын атқаруға бейімделген мемлекеттік органдарды қалыптастырады.
- ◆ **Сызықтық-функционалды** - сызықтық және функционалды басқару құрылымдарының артықшылықтарын қамтамасыз етеді

**«Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы» 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен**

Құрылды	Таратылды
<p>1) ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде ҚР Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі;</p> <p>2) ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде ҚР Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігі;</p> <p>3) ҚР Экономика және сауда министрлігі, оған тартылатын ҚР Экономика министрлігінің, ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, ҚР Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің, ҚР Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің, ҚР Ұлттық статистика агенттігінің, ҚР Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің, ҚР Авторлық және сабақтас құқықтар жөніндегі мемлекеттік агенттігінің функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері берілсін;</p> <p>4) ҚР <a href="#">Білім</a> және мәдениет министрлігі, оған тартылатын ҚР Мәдениет министрлігінің, ҚР Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетінің, ҚР Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің, ҚР Үкіметі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері берілсін;</p> <p>5) ҚР Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, оған тартылатын ҚР Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің, ҚР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері берілсін.</p>	<p>1) ҚР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне және ҚР Қаржы министрлігіне берілсін;</p> <p>2) ҚР Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР <a href="#">Қаржы министрлігіне</a> берілсін;</p> <p>3) ҚР Мемлекеттік салық комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне берілсін;</p> <p>4) ҚР Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне берілсін;</p> <p>5) ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне берілсін;</p> <p>6) ҚР Мемлекеттік сақтандыру қадағалауы, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қаржы министрлігіне берілсін;</p> <p>7) ҚР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілсін;</p> <p>8) ҚР Су ресурстары жөніндегі комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР <a href="#">Ауыл шаруашылығы министрлігіне</a> берілсін;</p> <p>9) ҚР Мемлекеттік аттестациялық комитеті, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Ғылым министрлігіне - Ғылым академиясына берілсін;</p> <p>11) ҚР Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Қорғаныс министрлігіне берілсін;</p> <p>12) ҚР Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармасы, оның функциялары, мүлік пен іс басқару жөніндегі өкілеттіктері ҚР Экология және биоресурстар министрлігіне берілсін.</p>



# Үкіметтегі қайта құрулар

- Н.Ә.Назарбаев - елде 17 министрлік, 54 комитеттің орнына 12 министрлік, 30 комитет қалады, барлық агенттіктер қысқартылады.
- **НӘТИЖЕСІНДЕ:**
  - 5 жаңа министрліктер құрылып, таратылатын министрліктер мен ведомстволардың функцияларын біріктірді :
  - Ұлттық экономика министрлігі,
  - Инвестиция және даму министрлігі,
  - Энергетика министрлігі,
  - Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі,
  - Мәдениет және спорт министрлігі.
  - ІІМ және ТЖМ біріктірілді, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік пен қаржы полициясы біріктірілді

**«Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 қаулысымен**

Құрылды	Таратылды	Қайта ұйымдастырылды	Қайта аталды
<p>1) ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті;</p> <p>2) ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті;</p> <p>3) ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті;</p> <p>4) ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті;</p> <p>5) ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті;</p> <p>6) ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитеті;</p> <p>7) ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті;</p> <p>8) ҚР Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті</p>	<p>1) ҚР Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті;</p> <p>2) ҚР Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті</p> <p>3) ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті;</p> <p>4) ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Сауда комитеті;</p> <p>5) ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет және өнер істері комитеті;</p> <p>6) ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы күрес комитеті;</p> <p>7) ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті;</p> <p>8) ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жастар ісі комитеті;</p> <p>9) ҚР Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті;</p> <p>10) ҚР Сыртқы істер министрлігінің Сыртқы саяси талдау және болжамдау комитеті;</p> <p>11) ҚР Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті;</p> <p>12) ҚР Ішкі істер министрлігінің Криминалдық полиция комитеті; және т.б.</p>	<p>1) ҚР Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетін біріктіру жолымен ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті;</p> <p>2) ҚР Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті мен ҚР Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетін біріктіру жолымен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті;</p> <p>3) ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті мен ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитетін біріктіру жолымен ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті;</p> <p>4) ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті мен ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Балық шаруашылығы комитетін біріктіру жолымен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті және т.б.</p>	<p>1) ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті;</p> <p>2) ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті;</p> <p>3) ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті</p> <p>4) ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Инвестиция комитеті;</p> <p>5) ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті;</p> <p>6) ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті; және т.б.</p>